



www.facebook.com/syrboyi_kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

ҮКІМЕТ

Кеше ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың орта бизнес өкілдерімен өткізген кездесуінде өңдеу өнеркәсібін дамытуға қатысты кең ауқымды мәселелер қаралды.

ОРТА БИЗНЕСТЕН ҮМІТ ЗОР

VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында Мемлекет басшысы елімізге экономиканы дамыту жолында өздеріне жауапкершілік ала алатын кәсіпкерлердің «жана толқыны» қажет екенін айтқан болатын. Осы ретте Үкімет басшысы: «Орта бизнестен зор үміт күтіп отырмыз. Ол бәсекеге қабілетті өнім шығаратын және кең ауқымды қызмет көрсететін өңдеуші сектордың қозғаушы күшіне әрі драйверіне айналуы тиіс» деп атап өтті.

Кездесу барысында қатысушылар қаржыландырудың қолжетімділігін қамтамасыз ету, өнім көлемін ұлғайту, импортты алмастыру және жана өндіріс орындарын дамыту, мемлекеттік қолдау бағдарламаларын жүзеге асыру, мемлекеттік сатып алу, салық салу, сертификаттау, индустриялық аймақтар мен индустриялық паркттерді дамыту, инновацияларды енгізу, экспорт, жұмыс орындарын құру, кадр даярлау және тағы басқа мәселелер талқыланды.

ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНДА ЖАҢА ТӨРАҒА

Кеше Алматы қаласында Абай атындағы опера және балет театрында Қазақстан Жазушылар одағының кезекті XVI Құрылтайы өтті. Іс-шараны одақтың басқарма төрағасының орынбасары Бауыржан Жақып жүргізді. Бес жылда бір рет өтетін жиында алдымен ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жазушыларға құттықтауын жеткізді.

Жалпы республикамызда 970-ке тарта Одақ мүшесі бар. Соның 530-ға жуығы жиынның куәсі болды. Қазақстан Жазушылар одағының басқарма төрағасы, акын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ұлықбек Есдәулет бес жылда атқарылған жұмыстар жөнінде есептік баяндама жасады. Ұлықбек Есдәулет өзінің 15 елдің қаламгерлері мүше ретінде кірген Түркі дүниесі жазушылар одағының төрағасы болып сайлануына байланысты қызметінен кететінін мәлімдеді.

Жиында сондай-ақ Дулат Исабеков, Иранбек Оразбаев, Кәдірбек Сегізбаев, Тәтегүл Мақсатова, Қазыбек Иса, Любовь Шашкова, Ерлан Жүніс, Лидия Егембердиева, Айтмұхамбет Бейсембеков және басқа да қаламгерлер әдебиет төңірегіндегі ой-пікірлерін ортаға салды.

Сонымен қатар іс-шара барысында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Оразбайұлы сөз алып, акын-жазушыларға жаңа жетістіктер тіледі.

Басқарма мүшелерінің қолдауымен жазушы, «Құрмет» орденінің иегері Мереке Құлқенов Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы болды. Сондай-ақ оның орынбасарлары белгілі болды. Іс-шара соңында қазақтың көрнекті акыны Ұлықбек Есдәулетке сый-құрмет көрсетілді.

«СБ» ақпарат

ИГІЛІК

«АҚСУАТҚА» ГАЗ БЕРІЛДІ



«БҰЛ КҮНДІ ҰЗАҚ КҮТТІК»

«Ақсуат» ауылында ақ түйенің қарны жарылған күн болды. Бірнеше жылдан бері көтеріліп келетін мәселеге нүкте қойылып, елді мекен халқына газ берілді. Салтанатты шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, тұрғындардың қуанышына ортақтасты.

СБ Айсауле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Аса маңызды мәселелердің бірі — ауылды кешенді түрде дамыту. Ауылдарға нақты қолдау көрсетіп, заманауи инфрақұрылымды дамытуымыз керек» деген болатын. Өткен жылы 14 газдандыру жобасын жүзеге асыруға 8,7 млрд теңге бөлініп, нәтижесінде 6 ауылды газға қостық. Осылайша өңірдің газдандыру деңгейі 70 пайызға жетті. Биылғы республикалық бюджеттен 7,4 млрд теңге бөлініп, 2022 жылы басталған 7 жоба жалғастырылады. Оған қоса 12 жаңа жобаның құрылысы басталады. Оның ішінде, «Қосшынырау» ауылдық округінің «Абай», «Досан» елді мекендеріне де газ жеткізу жобалары бар. Демеушілердің қаржы көздерінен 100 млн теңгеге «Сабалак» саяжайына табиғи газ желісін тартудың жоба-

металық құжаттары әзірленуде, — деді аймақ басшысы.

Ауыл тұрғыны, зейнеткер Сейітқасым Тәуірбаевтың үйіне табиғи газ қосу рәсіміне облыс әкімі және келген қонақтар куә болды. Бұл күнді ұзақ күткен Сейітқасым ағаның жұбайы Тазагүл апа енді от жағудан қолы босап, бір жұмысы жеңілдегеніне қуанады.

— Бұл күнді ұзақ күттік. Биыл міне, сәті түсіп, табиғи газ үйімізге кірді. Үй жылы болса, береке де, бірлік те болады. Бұрын көмір тасып, отын түсіріп қыс қамына ерте кірісетін едік. Енді біздің де қолымыз босап, асханамызда «көгілдір отынның» маздап тұрғанына қуаныштымыз, — дейді Тазагүл Күнтуғанова.

Шара барысында тұрғындарды қоғам қайраткері Айтбай Көшербаев пен ауыл ақсақалы, қоғамдық кеңестің төрағасы Өмірсерік Әбуов құттықтады. Одан кейін облыс әкімі ауыл халқының ұсыныс-тілектерін тыңдап, көтерілген мәселелеріне жауап берді.

Ауылдық округті газдандыруға республикалық және жергілікті бюджеттен 4,9 млрд теңге бөлінген, бұл жұмыстарды мердігер мекеме «Алия Сервис» ЖШС жасап шықты. Енді бұдан кейінгі газдың қысымына, оның жеткізілуіне «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ

Қызылорда өндірістік филиалы жауапты. Филиал директорының міндетін атқарушы Жайық Әлішевтің айтуынша, елді мекенде жоба бойынша 4321 жеке тұрғын үйді «көгілдір отынмен» үздіксіз қамтамасыз етуге болады.

— Қызылорда қаласына іргелес орналасқан «Ақсуат» елді мекенін газдандыру аясында жоғары қысымды газ құбырынан ұзындығы 16,4 шақырым орта қысымды 9,6 шақырым, төмен қысымды 143,3 шақырым құрайтын газ құбыры тартылып, 1 ГРП (газ тарату пункті), 12 ШГРП (шафтық газ тарату пункті) салынды. Сонымен қатар, аталған жобамен қолданыстағы АГТС-1 «Қызылорда» қуатын 115 мың м³/сағатқа арттыру қарастырылған. «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы облыста 127,5 мыңнан астам тұтынушыны, 2436 коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорын мен 218 ірі кәсіпорынды газбен қамтамасыз етіп отыр. Әр жыл сайын облыс бойынша 6 мыңнан астам абоненттің үйіне газ кіргізілуде, — деді Жайық Әлішев.

Қала іргесіндегі «Ақсуатқа» кейінгі кезде қоныс аударушылар көп. Жылдан-жылға халықтың саны артып келетін ауылдың перспективалық дамуы үшін мол мүмкіндіктер жасалуда. Мұнда 10 мыңнан астам тұрғын бар.

2-бет

ДІН МЕН ДІЛ

БАБАЛАР ЖОЛЫ БАЯНДЫ

Қызылорда қаласында өткен «Исламдағы сопылық ілімі: мәні мен маңызы» атты республикалық ғылыми-танымдық конференцияда ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы арнайы баяндама жасады. ҚМДБ Төрағасының баяндамасы сопылық ілімінің түпкі мағынасына арналды.

СБ Айдар САЙЛАУОВ, «Сыр бойы»

Іс-шара қасиетті Құран оқумен басталып, кейін Діни басқарманың атқарған жұмысын көрсеткен бейнесюжет тарту етілді. Айтұлы конференцияға облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет

Сактағанов және Шәмшәдин Керім, Досай Кенжетай сынды ғалымдар қатысып, тұшымды ойларын ортаға салды. Ең алдымен Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы сопылық ілімінің

сырына тоқталып, мәнін ашса, конференцияда баяндама жасаған ҚМДБ Ғұламалар кеңесінің мүшесі Шәмшәдин Керім ишандық мектептің тарихы, кеңестік кезеңдегі мектептің жоғалуына тоқталды. Сонымен қатар Талғат Жолдасұлы кеңестік кезеңдегі сопылық, Батыржан Мансұров «Сопылық — тәрбие мектебі», Досай Кенжетай Ясауи ілімін айтса, Бағдат Кәрібозов сопылық мектепті жаңғырту тақырыбында тың деректерімен бөлісті.

2-бет



ҚАЗАҚ КҮРЕСІ

АЙБЕК СЕРІКБАЕВ «СЫР БАРЫСЫ» АТАНДЫ

Кеше «Евразия» спорт кешенінде қазақ күресінен «Алтын белбеу» облыстық жарысының ақтық сыны өтті. Онда Қызылорда, Байқоңыр және 7 ауданнан 350 спортшы 10 салмақ дәрежесінде бақ сынады. Сайысқа ұлттық дәрежедегі төрешілер Ғалым Ержанов пен Ерсұлтан Мақсұтов қазылық етті.



Дүбірлі долаға облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов, облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы

Мира Қазбекова, облыстық мәслихат депутаты Садық Мұстафа мен спорт жанкүйерлері қатысты.

Атап айтарлығы, Сыр елінде «Алтын белбеу» жарысы биыл он төртінші рет өтуде. Ақтық сынға ауыл мен аудандардан іріктеуден өткен сайдың тасындай мықтылар жиылған. Ал іріктеу 4 жас ерекшелігі бойынша өткен. Олардың қатарында кіші жасөспірімдер, жасөспірімдер, жастар және ересектер бар.

Сонымен бозкілемдегі белдесуде қармақшылық Айбек Серікбаев «Сыр барысы» атанды. Екінші орынды да қармақшылық Еламан Ерғалиев еншілеп, «Сыр арланы» атағын жеңіп алды. Нұрым Сәлімгереев үшінші орынды түйіндеп, «Сыр сұңқары» атанды.

Айта кетейік, I және II орын иегері Астанада өтетін «Қазақстан барысына» қатысатын болады. Айтпақшы, ол долада чемпион Максат Исағабалов та бақ сынады.

Палуандар арасында I орынға I млн теңге, II орынға 700 мың теңге, III 400 мың теңге сыйақы берілді.

Көкен АҚТАН



ТАҒАЙЫНДАУ

ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ЖАҢА БАСТЫҒЫ

Бейсенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен әкім отырысында Қызылорда облыстық полиция департаментінің жаңа басшысы тағайындалды.

Жиында ҚР Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Марат Қожаев арнайы қатысып, департаменттің жаңадан тағайындалған баслығын таныстырды.



Сонымен облыстық полиция департаментінің баслығы лауазымына Аблазимов Махсұдхан Нұғманұлы тағайындалды.

Аймақ басшысы Махсұдхан Нұғманұлы құттықтап, оның жоғары білімі мен мол тәжірибесін атап өтті.

— Мемлекет тұтастығын сақтау, қоғамдық қауіпсіздікті күшейту — аса маңызды әрі жоғары жауапкершілікті талап етеді. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы полиция қызметінің пәрменін күшейту арқылы ел ішінде тұрақтылықты қамтамасыз ету қажеттігін баса айтқан болатын. Қоғамның бел ортасынан табылатын, аса жауапты да маңызды

міндетті ыққа артқан полиция органдарына жүктелген міндет күрделі. Осыны ескеріп, біз тиісті жағдай жасаудамыз. Соңғы 3 жылдың өзінде құқық-бұзушылықтардың алдын алу үшін полиция органдарының материалдық-техникалық базасын жақсартуға облыстық бюджеттен 6 млрд теңгеге жуық қаражат бөлінді. Асқан жауапкершілікті талап ететін күрделі саланың тізгінін ұстаған Махсұдхан Нұғманұлы жоғары білімі мен мол тәжірибесін аймақтың игілігіне арнап, қоғамдық қауіпсіздікті күшейтуге зор үлес қосады деп сенеміз, — деді облыс әкімі.

Департаменттің жаңа басты-

ғын полиция органдарының құрметті қызметкері Әмірбек Шаймағанбетов те құттықтап, жаңа қызметіне сәттілік тіледі.

Махсұдхан Аблазимов 1962 жылы туған. Қазақ политехникалық институтын «Инженер», Орталық Азия университетін «Зангер» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1989 жылы Маңғышлақ және Гурьев

облыстары ІІБ МАИ-дың қатардағы инспекторы болып бастаған. 1990 жылы Маңғышлақ облысы ІІБ МАИ ЖПК 4-ші мотозводаның аға инспекторы болды. Содан кейін Маңғышлақ облысы МАИ ӨЭО бөлімінің іздестіру жөніндегі инспекторы лауазымын атқарды. 1992–2007 жылдары жол полициясы ротасы командирінің орынбасары және Маңғыстау облысы ІІБ жол полициясы басқармасының штаб бастығы, Маңғыстау облысы ІІД бастығының орынбасары болды. 2007–2009 жылдары Маңғыстау облысының ІІД-ін басқарды. Содан кейін 2010–2014 жылдары ҚР ІІМ орталық аппаратында әртүрлі лауазымдар атқарды. 2014–2016 жылдары Ақтөбе облысы ІІД бастығы болды. 2016 жылдың тамыз айынан БҚО полиция департаментінің бастығы қызметін атқарып келді.

Облыс әкімінің
баспасөз қызметі



Аудан жаңалықтары

ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ӨТТІ

ҚЫЗЫЛОРДА

«Эдельвейс» саяжайының маңындағы «Шіркейлi» каналының оң жағалауында орман-дала өрттерінің алдын алу мақсатында тактикалық оқу-жаттығу өтті.

Шараны Өртке қарсы қызмет пен Орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі жыл сайын өткізіп келеді.

Дала өртін сөндірудегі күш құрылымдарының дайындығын пысықтау мақсатында өткен жаттығуға 80 қызметкер мен 15 техника жұмылдырылды.

МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕ

АРАЛ

Қалалық мәдениет үйінде мейіргерлер мерекесі аталып өтті. Мерекелік кешке аудан әкімінің орынбасары Кетелеби Бержанов қатысып, денсаулық сақшыларына ізгі тілегін жеткізді. Сондай-ақ, бірқатар сала қызметкерлерін алғыс хатпен марапаттады.

Іс-шарада аудандық аурухананың бас дәрігері салада ұзақ уақыт қызмет етіп жүрген мейіргерлер мен сала ардагерлеріне алғыс хат пен арнайы сый-сияпат табыстады.

ФЕСТИВАЛЬ ҮЗДІКТЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

ҚАЗАЛЫ

Роза Бағланова атындағы мәдениет орталығында «Жаңа дәуір – Жаңа Қазақстан» атты фестивалдің қорытынды кеші өтті.

Салтанатты шараға аудан әкімі Мұхтар Оразбаев қатысып, үздік атанған жастарға Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқу гранты сертификатын және жетекшілеріне аудан әкімінің «Алғыс хаты» табыстады.

Аудан жастары төрт бағыт бойынша бақ сынаитын фестиваль жыл сайын ұйымдастырылып отырады. Биыл да жеңіске жеткен жастарға қаржылай жүлде мен бағалы сыйлықтар табысталды.

ТАРИХ ПӘНІНЕН ОЛИМПИАДА

ҚАРМАҚШЫ

«Ақжар» ауылында ұстаз Сәден Нұртаев атындағы Қазақстан тарихы пәнінен республикалық олимпиада өтті.

Сайыстың ашылу салтанатында аудан әкімі Жандос Еркінбек ұлағатты ұстаз өмірі мен еңбек жолы туралы айтып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Биыл алтыншы рет ұйымдастырылған білім додасында Қызылорда, Батыс Қазақстан, Түркістан облыстарынан 25 жас тарихшы қатысты. Жеміпаздарға арнайы дипломдар мен қаржылай сыйлық табысталды.

ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАДЫ

ЖАЛАҒАШ

Аудан әкімі Асқарбек Есжанов кезектілікке сәйкес тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Қабылдауда тұрғындар тарапынан жұмысқа орналасу және тұрғын үй мәселелері көтерілді.

Аудан басшысы мәселелер назарға алынатынын айтып, заңдылыққа сәйкес тиісті сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

КӨШЕ ЖӨНДЕЛІП, КӨПІР САЛЫНУДА

СЫРДАРΙΑ

Аудан әкімі Берік Сәрменбаев жауапты мамандармен Тереңөзек кентінде атқарылып жатқан жұмыстармен танысты.

Кенттегі Айтбай, И.Токтыбаев көшелерін орташа жөндеу, А.Токмағанбетов көшесі бойындағы «Қаракөл» каналына жаю жүргізушілерге арналған жаңа көпір салу барысын көрді.

Аудан басшысы жауапты сала мамандарына бөлінген қаржыны тиісінше игеріп, жұмыстардың сапалы және уақытылы орындалуын міндеттеді.

ЖАЗБА АҚЫНДАР МҮШӘЙРАСЫ

ШИЕЛІ

Н.Бекежанов атындағы №156 орта мектебінде соғыс ардагері Сәрсенбек Байжановтың 100 жасқа толуына орай аудандық білім қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті ұйымдастыруымен жазба ақындар мүшәйрасы өтті.

Мүшәйраға аудан бойынша өленге жақын ұстаздар қатысып, байқаудың екі кезеңінде бақ сынады.

Жыр додасында жеңімпаз атанған ұстаздар дипломдармен және аудандық кәсіподақ ұйымының бағалы сыйлықтарымен марапатталды.

АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

ЖАҢАҚОРҒАН

Аудан әкімі Мұрат Тілеуімбетов Сыр беткейдегі «Қожақент», «Өзгент», М.Нәлібаев, «Жаңарық», «Қырқеңсе» ауылдарында болып, кездесулер өткізді.

Тұрғындардың ұсыныс-пікірін тыңдаған аудан басшысы Сыр беткейдегі ауылдардың негізгі мәселесі, жарық, көше жолы, газ және аяқсу екенін назарға алды.

Сондай-ақ, алдағы 2-3 жылдың ішінде аудан бойынша 21 ауылдың электр жарығы жаңғыртынып айтты. Мұнан бөлек, төрт ауылға 2025 жылы «көгілдір отын» тарту жұмысы басталады.

Дайындаған Бейболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

«АҚСУАТҚА» ГАЗ БЕРІЛДІ

Әйгілі автобан бойында орналасқандықтан, болашағы жарқын ауылда енді түрлі жобалар жүзеге асып, шағын кәсіпкерлік те өркендейді. Жалпы ауылда 400-ден астам кәсіпкер тіркеліп, осыған дөңгеленіп отырса, жыл басынан бері тағы 82 адам кәсіппен айналысуға бел байлапты. «Бір ауылға – бір жылжымай» жобасы аясында «Шапағат» жеке кәсіпкерлігі «Өңірлік инвестициялық орталығы» микрокаржы ұйымы арқылы 7 млн теңге несие алып, жұмыс жасауда. Сонымен бірге, «NP-Consulting» ЖШС құрылысшыларға арналған қасқа өңімі мен 19 литрлік ауызсу ыдысына арналған қақпақша шығаратын шағын цех жұмысы жанданып келеді.

Ақсуаттың инфрақұрылымын дамыту үшін «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында бірқатар жұмыстар атқарылуда. Мәселен, қазір 79,9 млн теңгеге 3 көшеге орташа жол жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бұдан бөлек, 5 көшеге орташа жол жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін Ұлттық қордан 350,9 млн теңге қаралған. Сондай-ақ, жаңадан қоныстанушылар тұратын 32 көшеге электр желілерін жүргізу үшін жобасметалық құжаттар әзірленіп, 1 млрд теңге бөлу жөнінде республикалық бюджетке өтінім ұсынылған.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖАҚСАРЫП КЕЛЕДІ

Мұнан кейін аймақ басшысы «Бәйтерек» тұрғын ауданындағы су жинағыш құрылысының жұмысымен танысты.

Нысан құрылысы 2022 жылдың тамыз айында басталып, биыл сәуір айында аяқталған. Мұнда терендігі 440 метр 7 ұңғыма мен 3 резервуар бар. Құрылысының

1-бет



Суреттерді түсірген Б.ЕСЖАНОВ

қуаттылығы 7200 текше метр. Жұмысты жүргізген мердігер мекеме – «Сәт сервис». Жасыратыны жоқ, жаз шықса бізде ауызсу мәселесі қылаң беріп, оның қысымы көңіл көншітпейтін еді. Енді мұнан былай «Бәйтерек», «Шанхай», «КБИ» тұрғын аудандарындағы жеке тұрғын үйлерді тұрақты қысымды, сапалы ауызсумен қамтамасыз етуге мүмкіндік болады.

Аймақ басшысы тұрғындармен кездесіп, олардың ұсынысына құлақ түріп, сауалдарына жауап берді.

Бәйтерек шағын ауданында 6 мыңға жуық тұрғын қоныстанып, 1889 үй орналасқан. Оларға барлық қолайлы жағдайлар жасалуда. Мектеп, балабақша, теміржол өткелі салынып, жылдан-жылға саны артып келетін ауданда қызу тіршілік байқалады. Айталық, биылдың өзінде бірнеше шақырымға жол төселіп, құрылыс жұмыстарының қарқыны артауда. Мәселен, ұзындығы 11,8 шақырым болатын 7 көшеге асфальт төсеу жұмыстарына

облыстық бюджеттен 430 млн теңге бөлініп, мердігер мекеме «Қызылорда жолдары» ЖШС құрылыс жұмыстарын жүргізген. «Қызылжарма» каналы арқылы өтетін автомобиль көпірінің құрылысы үшін республикалық және облыстық бюджеттен 384,7 млн теңге бөлініп, құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде.

«Жайлы мектеп» жобасы аясында 2024–2025 жылдары 600 орындық мектеп құрылысын салу да көзделуде. Ал өткен жылы қалалық бюджеттен 8,4 млн теңге бөлініп, аталған тұрғын аудандағы инфрақұрылымы жүргізілмей калған жеке секторларға ауызсу және газ желілерін жүргізу құрылыс жұмыстарына жоба-сметалық құжаттамасы әзірленуде.

Осы жоба аясында қамтылмай калған 1534 тұрғын үйге 13,2 шақырым ауызсу және 10 шақырым газ желісін жүргізу үшін жалпы құны 450,5 млн теңге болатын өтінім республикалық бюджетке жолданған.

БАБАЛАР ЖОЛЫ БАЯҢДЫ



— Конференциямыздың мақсаты — бабалар ұстанған рухани жолды жалғау, оның ішінде сопылық ілімінің маңызын жеткізу. Өйткені сопылық ілімі — рухани жол, тәрбие мектебі. Сондай-ақ сопылық, яғни ихан ілімі Ислам дінінің үш негізгі бірі. Кейбір дінді таяз түсінікпен сопылықты «дүниеден безу, шынайы қоғамнан алшақтау, адамзат дамуының тежегіші» деп санады. Әрине, бұл теріс пікір. Негізінде сопылық ілімін — Ислам дінінің шынайы мәні, мәйегі һәм рухы деп айтсақ болады.

Хакім Абай сопылық туралы: «Бұл жол бек шетін, бек нәзік жол. Бұл жолда риясыз, жеңілдіксіз бір қарар тұрып іздеген кісі ғана істің көмәлөтына жетпек дейді. Ал

1-бет

қазақтың ақыны Әубәкір Кердері бабамыз: «Сопылық жол — ауыр жол, ұстансаң оны — тәуір жол. Сопылықты ұстансаң, оқыған көп ғалым бол» деген екен. Бұдан шығар қорытынды — бабаларымыз осы сопылық жолдан алыс болмаған дей келе, сопылық бізді көркем мінезді болуға, рухани тәрбиесі толысқан адам ретінде тәрбиелейді, — деді Наурызбай қажы.

Ардақты пайғамбар «Мен үшін сендердің ең жақсыларың — көркем мінезділерің» деді. Қажының айтуынша, сопылық жолды ұстана отырып, біз өзмізді көркем мінезге жетелейміз, ал көркем мінез иелері қияметте таразысы ауыр тартатын бақытты хандар екен.

— Ислам дегеніміз — құлшылық, Иман дегеніміз — көміл сенім, ал Ихан дегеніміз — адам баласының өзін-өзі бақылауда

ұстап, рухани кемелдікке жетуі. Осы үш жол біздерді туралыққа бағыттайды. Сопылықтың негізі — Алла Тағалаға деген құлшылықты кемеліне жеткізу, бар өмірін Алланың ризалығына ғана арнау. Міне, сондықтан да Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сахабаларды ең алдымен жүректі түзеуге шақырды, — деді Бас мүфти баяндамасында.

Айта кетейік, Сыр жұртшылығының алдында «Miftiyat» баспасынан жарық көрген «Сопылық сыры» кітабының таныстырылымы да өтті. Бас мүфти жаңа кітаптың мазмұнына тоқталып, тарауларын таныстырды.

— Жаңа кітап оқырманның дүниетанымын байытып қана қоймай, түйсігін жақсылыққа өзгертіп, тұлабойынша тәрбиенің алтын дәнін егеді деп ойлаймын. Осы тұрғыдан келгенде қолыңызға тиген бұл еңбек сіз бен біздің жандүниемізге үлкен рухани азық болады.

Бұл еңбекте құлшылықтағы ықылас мәселесіне баса назар аударылған. Өйткені, құлшылықтың қабыл болуында шынайы ықыластың орны айрықша. Ғұламалар қырық күн шынайы ықыласпен құлшылық еткен адамға даналық нығметі берілетінін айтқан. Шынайы ықылас риядан сақтайды.

Қорыта айтқанда, қолыңыздағы кітап иманды күшейтуге әсер етіп, құлшылыққа бағыттайды деген сенімдемін. Сондықтан ықыласпен оқуға кеңес беремін, — деді ол. Діни басқарманың сараптама бөлімінен оң қорытынды алған кітап жуық арада қалың оқырманға жол тартады. Құнды еңбектің таныстырылым рәсіміне ардагерлер кенесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, мемлекет және қоғам қайраткері Бакберген Досманбетов және аудан, қала имамдары қатысты.



БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ЖЫЛЖЫМАЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КЕШЕН – МАҢЫЗДЫ ҚЫЗМЕТ

Мемлекет басшысы былтырғы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ел. Берекелі қоғам» атты Жолдауында ұлт саулығына басымдық беріп, медициналық инфрақұрылымды жақсарту, әсіресе, ауылдық жерлердегі денсаулық сақтау қызметін дамыту жөнінде айтып, бұл бағытта ұлттық жобаны жүзеге асыруды тапсырды. «Еліміздің басты құндылығы – адам. Бұл – айқын нәрсе. Сондықтан ұлттық байлықты тең бөлу және баршаға бірдей мүмкіндік беру – реформаның басты мақсаты. Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды. Үкіметке денсаулық сақтау саласын және жалпы әлеуметтік саланы қаржыландыру жүйесін қайта қарауды тапсырамын. Мен келесі жылдан бастап ұлттық жобаны жүзеге асыруды тапсырдым. Бұл құжат, ең алдымен, ауыл тұрғындарының сұранысын қанағаттандыруға арналған» делінген Жолдауда.

Айнур БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»



Бұл орайда тұрғындарға сапалы қызмет көрсетуде емдеу, алдын алу ұйымдарының заманауи медициналық құрал-жабдықтармен қамтылуы маңызды. Бүгінде медицина сәт сайын дамып жатыр. Ауруды емдеудің түрлі заманауи әдіс-тәсілдері енгізіліп, дәл диагноз қоюға мол мүмкіндік беретін қуатты құрылғылар шығарылуда. Тек тілін тап та, қалағаныңша қолдана бер! Қазіргі кең қолданыстағы МРТ, КТ аппараттары, жылжымалы медициналық кешендер – сол техника жетістігі. Әсіресе, шалғай елді мекендердегі тұрғындардың денсаулығын қорғауда, ауруды ерте анықтауда жылжымалы медициналық кешеннің (ЖМК) маңызы зор. Мәселен, Жалағаш ауданында ЖМК мамандары биыл 100-ге жуық науқасты жаңадан анықтап, диспансерлік есепке алды. Жылжымалы медициналық кешендер қалай жұмыс істейді? Әлеуметтік медициналық сактандыру қоры облыстық филиалының ұйымдастыруымен «Таң» ауылында өткен баспасөз турында бұл сұраққа жан-жақты жауап алдық.

«Таң» ауылы аудан орталығынан 25 шақырым жерде орналасқан. Бұл елді мекенде 1 287 адам тұрады. Танертеннен бастап пациенттерді қабылдау дәрігерлік амбулаторияда және жылжымалы медициналық кешенде жүргізілді. Бұл күні 100-ге жуық ауыл тұрғыны дәрігерлік кенес алды. Олардың қатарында Жәніскул Шүйінбаева да бар. 60 жастағы әйел «созылмалы бронхит» ауруы бойынша диспансерлік есепте тұр.

Жүрек мазалайды. Кардиологтан кенес алдым, зертханалық және диагностикалық тексерулерге жіберді, содан кейін күндізгі стационарда ем аламын. Бүгінгі шараға қуанып қалдым. Жиі ұйымдастырылып тұрса жақсы болар еді, барлық маман ауылымызға келіп жатыр, әйтпесе аудан орталығына бару үшін қаншама уақытымыз кетер еді, – дейді Жәніскул Шүйінбаева.

Пациенттерді терапевт, офтальмолог, оториноларинголог, гинеколог, хирург, кардиолог, невропатолог, стоматолог, эндокринолог, психолог, физиотерапевт, рентген зертханашысы және басқа мамандар қабылдайды. Қажет болған жағдайда науқас кардиограмма, УДЗ, скринингтік тексерулерден өтіп, дәрігерлерден кенес алады және ауруханаға жатқызуға, жеке медициналық мекемелерде емделуге жолдамалар беріледі.

Жыл басынан бері жылжымалы медициналық кешен арқылы ауданның 2 мыңға жуық тұрғыны мамандардан кенес алды, оның ішінде 100-ге жуығынан алғаш рет түрлі аурулар анықталды. Жүрек-қан тамыр, эндокриндік аурулар, глаукома және басқалар. Балалардың арасында көбінесе темір тапшылығы анемиясы анықталды, – дейді Жалағаш аудандық ауруханасы бас дәрігерінің орынбасары Индира Орынбасарова.

Жалағаш ауданында 16 ауылдық округ бар. Мұнда аудандық аурухана, 12 дәрігерлік амбулатория, 2 фельдшерлік бекет, 2 медициналық бекет ауыл тұрғындарына медициналық көмек көрсетеді. Барлық ауыл тұрғындарын қамту үшін жылжымалы медициналық кешен жыл сайын ауданның әрбір ауылдық округіне 5-6 рет барады. Оған Әлеуметтік медициналық сактандыру қорының филиалы 63,5 млн теңге қаражат бөлді.

Жалпы, биыл өңірде ЖМК арқылы 550,8 млн теңге 285 308 қызмет көрсету жоспарда тұр.



БІЛІМ ОШАҒЫ

Балаға білім беретін барлық мектеп қасиетті. Елімізде өз дәстүрі қалыптасқан, ертеден үлкен әрі үлгілі шаңырақ болған, ауылдың ғана емес, елдің ерлері мен тұлғаларын ұшырған білім ошақтары бар. Соның бірі Сырдария ауданы Аманкелді ауылындағы Қ.Баймағанбетов атындағы №42 мектеп-лицейі. Білім үйі биыл 100 жылдық белесті аттады. Ауданға арнайы барған сапарымызда мектепке аялдап, білім үйінің тарихы мен жеткен жетістіктеріне қанығып қайттық.

Айдар САЙЛАУОВ, «Сыр бойы»

Ауыл мектебінің іргетасы 1923 жылы қаланған екен. Алғашында «Зінктер» деп аталған мектептің негізін қалаушы – Абдолла Ағайдарұлы. Сол кезде ол Ташкенттегі Қазақ ағарту институтының соңғы курсында білім алып жүрген. Өзі жастардың жалаңды жетекшісі

ТАРИХЫ ТҰҒЫРЛЫ, БІЛІМІ ҒҰМЫРЛЫ

Фани Мұратбаев, Сара Есовамен таныс-біліс болып, Орта Азияда комсомол қозғалысының дамуына атсалысқан. Абдолланы жақсы таныған Ф.Мұратбаев оған ауылда мектеп ашуды тапсырады. Институтты бітірісімен елге келген жас маман мектеп ұйымдастыру ісін қолға алыпты. Білім бұлағы болған мектеп қабырғасы асармен тұрғызылған. Елде ағарту жұмыстары жүреді деген соң Абдолла бастаған игі істі Қ.Бисенбайұлы, М.Сенбіұлы, А.Шалжанұлы секілді азаматтар бір-бір қарадан беріп, мектеп үйін салуға қол ұшын тигізеді. Алғашқы білім ошағы қазақ ағартушысы Ы.Алтынсариннің мектеп үлгісімен салынғанға ұқсайды. Ұзындығы 30 метр шамасы, ені 25 метрден астам. Оның тұрқы «Е» әрпіне ұқсас. Көпшіліктің айтуынша, зінктерліктер сары кірпішті елді мекенде күйдіріпті. Алғашқыда мектептің төрт бөлмесі салына керек. Кейіннен қосымша сыныптар қосылған. Ауыл тұрғындарының айтуынша, мектеп құрылысын Әбубәкір Қалыбаевтың Қызылордадағы Валентин Живков деген досы жүргізіпті.

Бастаушы мектеп ашылғаннан кейін мұнда Киров, «Айдарлы», «Жасқайрат», «Жанатұрмыс», «Құлшығанақ», «Қызылту» елді мекендерінен балалар келіп оқыған. Білім ордасында Құлмағанбет Қоңырбаев, ағайынды Шәріп, Ғарип Мақсұтов, Валентин Живков (комсомолдарға орыс тілінен дәріс берген) ұстаздық етіп, оқушылардың сауатын ашқан. Олар күндіз шоқиртерге сабақ берсе, түнде сауаттандыру мектебінде білім берген.

1924 жылы «Зінктер» мектебінде үшінші ауылдық кенес бойынша (қазіргі Аманкелді ауылы) 17 қыз бала оқуға тартылды. Қ.Ағайдарқызы, Ө.Құлманов, Я.Ешімов, Ә.Жүсіпов, Д.Қылышбаев, Т.Кішкенбаев, С.Әйімбетов, А.Оспанова, Ш.Беркнөвтер 1923-1927 жылдары мектепте оқыған алғашқы түлектер еді. 1936 жылы мектеп жеті жылдық болды. Одан соң «Зінктер» мектебі «Қайырсұатқа» көшіріліп, «Қызыл-тұдағы» онжылдық мектепке айналған.

«Қызылту» орта мектебінде 1940-1941 жылдары Т.Базарбаев, ал 1946-1947 жылдары Дайрабай Баймаханов директорлық қызметті атқарды. Осы мектеп түлегі, педогогика ғылымдарының докторы, профессор Тотап Тұрлығұлов, Сырдария аудандық білім бөлімінің меңгерушісі болған Құлшара Рахметова және Гүлсара Кішкенбаева, Әуезхан Ысқақовтар білім ошағының алғашқы түлектері екен. «Қызылту» мектебі 1950 жылы Ленин атындағы колхозға көшірілді. Осы жылдан бастап атауы В.Ленин атындағы №42 мектеп болып өзгерді. Ұстаздар мен оқушылар, ата-аналар бірігіп, қам кесектен «Т» әрпіне ұқсас 13 бөлмелі мектеп үйін тұрғызып. Кейін қосымша бөлмелермен толыққан. Білім ордасында Ленин, Калинин, «Қызылту», Киров, «Айдарлы», қазіргі «Жеткөл» елді мекендерінен 307 бала келіп оқыған. Оларға 15 мұғалім сабақ беріпті. Ол кезде мектеп директоры Шәмші Көшекбаев, оқу ісін меңгерушісі Мұсахан Жұмабеков болған. 1951-1952 оқу жылында 370 оқушы білім ігерсе, 24 мұғалім жемісті еңбек еткен. Жас ұрпаққа сапалы білім, тағымдылық тәрбие беруде Б.Омаров, Т.Ахметов, Құлшара, Бибігүл, Зейіп, сондай-ақ, ардагер ұстаздар С.Жаманқұлов, Н.Көлдеев, Е.Сейдахметов, Е.Қосанов, Ә.Абдоллаев, М.Жүсіпова, Қ.Аяш-ов, М.Шаққозова, П.Рахманқұлова, Ш.Бошаеваның есімі мектеп тарихымен сабақтас.

Мектеп мерейі жыл өткен сайын арта берді. Мәселен, 1965 жылы ақпан айында Қызылорда қаласында күршішілердің облыстық II слеті өткен. Слеттің жұмысына Кенес Одағының екінші ғарышкері Герман Титов қатысып, Аманкелді атындағы совхоз орталығында мектеп оқушыларымен кездеседі. Содан кейін ғарышкердің ықпалымен 1965 жылы 320 орындық жана мектеп үйінің



Дегенмен, білікті ұстаз ойда жоқта өмірден озды. Ол кісінің осы мектепке жасаған еңбегі зор еді. – Тарихі білім ұясы 2017 жылдың сәуір айында мектеп-лицей мәртебесіне ие болды. Биылғы оқу жылында 492 оқушы тәлім алды және мектепалды даярлық тобында 28 оқушы білім игерді. 66 педагог жұмыс істейді. Ауылда білім көкжиегінің өркендеуіне Мырза Жұмабеков, Қайролла Жүсіпбеков, Базарбай Құланбеков, Ләззат Мәлікова секілді ардагер ұстаздардың қосқан үлесі зор. Олардың ізін жалғап қазіргі таңда Б.Мырзанома, Д.Саидова, П.Миянова, Е.Құлымбетов, Ө.Жақашов, К.Ибадуллаева, Р.Әбуова, Ә.Сейтімұратова, Ш.Жансейітова, А.Ермашова, К.Оспанова, Г.Айбытова, Г.Сейдіалеева, Г.Иманбердиева, М.Бегайдарова жемісті еңбек етеді. Осы ұстаздарымызбен бірге орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі болған Ж.Ибрагимованың еткен еңбегі ерекше, – деді мектеп директоры З.Жаманқұлов. Айтта кетейік, 2018 жылдың қараша айынан бастап Зейінұр Жаманқұлов мектеп-лицей директоры болып қызмет атқарып келеді. – Мектепте оқушыларды пәндік олимпиадаларға дайындап, ғылыми жұмыстарға бағыттау жүйелі жолға қойылған. Өткен 2021-2022 оқу жылында «Дарын» ғылыми жоба байқауында 10-сынып оқушысы Жұбатқан Нұржайна аудандық және облыстық кезеңде топ жарып, республикалық кезеңнен 2-орын иеленді. Биылғы оқу жылында



іргетасы қаланып, ол 1968 жылы 1 қаңтарда пайдалануға беріледі. Сол оқу жылында оқушылар саны 600-ге жуықтап, білім алушылар көбейген. Жалпы, 1948-1988 оқу жылдар аралығында аталған мектепті 2000-нан астам оқушы бітіріп, ғалымдар, инженерлер, дәрігерлер, мұғалімдер, ауыл шаруашылығы мамандары шыққан. Бұл білім ошағында ең ұзақ директорлық қызметті айыроймен атқарған «Қазақ ССР Халық ағарту ісін озық қызметкері» Шәкен Байжанова. Ардагер ұстаз 1963-1991 жылдар аралығында мектеп ұжымын басқарып, өзінің біліктілігін, ұйымдастырушылық қабілетін көрсете білген.

дарының және Ленин ауылдық кеңесі ономастикалық комиссия төрағасы ардагер ұстаз Сүлеймен Жаманқұлов, осы комиссия мүшелері ұйғарымымен мектепке ақын есімі берілген.

Ел тәуелсіздік алған оқу жылынан бастап Қ.Баймағанбетов атындағы №42 орта мектептің директорлық қызметіне Асылхан



Дүйсебеков тағайындалды. Ол педагогикалық ұжыммен бірге қажырлы еңбегі, шығармашылық жұмыстары нәтижесінде біршама игі іс атқарды. Мектеп директорының басшылығымен мектеп ұжымы оқу-тәрбие процесін жетілдіріп, дамыту мақсатында оқытудың нормативті тәсілін кенінен қолдана, мұғалімдердің әдістемелік шеберлігін арттыруда, жана тейнологиялық құрылғыларды пайдалану, дарынды балаларды табу, олармен жүйелі жұмыс жүргізу, оқушылардың елжандылық сезімін ояту, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жандандырды.

Осы жылдар аралығында республикалық деңгейде талай жетістіктерге қол жеткізді. Мәселен, 1996 жылы 26 қазанда Алматыдан қуанышты құттықтау жеткен. Республика бойынша 200 мектеп байқауға қатысып, оның ішінде облыстан 2 мектеп жеңімпаз деп танылыпты. Соның бірі – осы мектеп. 2000-2001 жылы «Жылдың ең үздік мектебі», «Сорос-Қазақстан» байқауының жеңімпазы және 2001 жылы «Республикалық тандаулы мектеп» байқауының лауреаты атанды. А.Дүйсебеков 2017 жылға дейін мектепті басқарып, құрметті еңбек демалысына шықты.

Сол жылдың қыркүйек айынан бастап мектеп директоры лауазымына оқу ісі жөніндегі орынбасар Иса Әбілқалиқов тағайындалды.

да мұндай жетістіктер жалғасын тапты. Мектеп бойынша 14 ғылыми жоба зерттелуі үстінде. Нақты қол жеткізілген жобалар жоғары деңгейдегі байқауларға қатысуға жіберіледі. Бір қуантарлығы, бастаушы сынып оқушылары мен ұстаздары ғылыми зерттеумен айналысуға ден қойды. «Дарын» ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен биылғы жылдың 15-18 наурыз аралығында «Балдәурен» оқу-сауық-тыру орталығы базасында өткен XVIII республикалық «Зерде» конкурсына аудандық және облыстық кезеңнен жеңімпаз атанған екі жобамен үш оқушы қатысты. Нәтижесінде 4-сынып оқушылары Асылзат Төлеген, Гүлсезім Жұмабайқызы (жетекшісі Гүлнар Мұқанова) медицина секциясы бойынша «Жидені емдік қасиеті» тақырыбында жоба қорғап, жүлделі II орынды иеленді. Тағы бір ғылымға жақын өренімді Саня Қылышбек (жетекшісі Салтанат Жұмабаева) биология секциясы бойынша қатысып, «Алтын тамырлы мия өсімдігі» тақырыбындағы жобасымен арнайы грамотамен марапатталды, – деді мектептің педагог-ұйымдастырушысы К.Құлымбетов.

Түлектердің жеткен жетістігі – осы мектеп қабырғасында алған білімінің нәтижесі. Тарихы терең білім ордасы ұрпаққа сапалы білім-тәрбие берудегі жетістікке толы жолын жалғастыра береді.



Суреттерді түсірген Нұржайна

ҚАРАҒАНДЫДАН ХАТ

СЫР ЕЛІ РУХАНИЯТ КӨШІНІН БАСЫНДА ЕКЕНІН КӨРСЕТТІ (Тарихи тұлғаның мерейтойынан жолсапар жазба)



атылған 1938 жылдан бастап Алжир түрмесінде 8 жыл азапты өмір кешкенін білеміз... Мектепті үздік бітіріп, Ташкенттегі Орталық Азия мемлекеттік университетінде білім алды...

Дәмеш апамыздың туған жері Қарағанды облысының әкімі Е.Бөлекпаев пен Арқа елінің алғысы мен ыстық сәлемін Ақтоғай ауданы мұрагерлеріне, солардың насихатшылары мен зерттеушілеріне деген құрметін білдіріп береміз.

Белгілі ғалымдар, ҚР ҰҒА академиктері, елімізге танымал мәдениет, өнер, қоғам қайраткерлері қатысқан жиында Т.Жүргеновтің қайраткерлік қаламгерлік, азаматтық болмысы жайында естеліктер, жас ұрпаққа берер өнегесі туралы әңгімелер өрбіді.

Конференцияда «Т.Жүргенов және Алаш қайраткерлері» тақырыбында зерттеу жұмыстары мен жобаларды жүзеге асыруды және Т.Жүргенов пен Д.Ермекова-Жүргеновтың қайраткерлік жас ұрпаққа насихаттауда Қарағанды және Қызылорда облыстарының мәдени-рухани, ғылыми ынтымағын нығайтып, «халықтық дипломатияның» мүмкіндіктерін пайдалануды және конференцияның

тұжырымдамасына енгізілген пайымды ұсыныстарды тиісті орындарға жеткізуді ұсындым. Себебі Т.Жүргенов және Алаш қайраткерлерінің рухани бірлігін түбегейлі зерттейтін кез келді.

Ен бастысы, Темірбек Жүргеновтің Алаш көсемдерінің идеяларын іске асырушы, қазақ халқының тұғырлы мемлекет болуы үшін арпалысқан тұлға екені түбегейлі зерттелмей жатыр.

Нәктірәк айтсақ, ол 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнері онкүндігінде Кеңес үкіметінің басшылығына жасампаз мәдениеті мен өнері арқылы рухы өлмейтін қазақ ұлтының бар екенін дәлелдеді.

Онкүндіктен кейін 1936 жылдың 5 желтоқсанында Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы болып қайта құрылып, дербес Республика атандық. Осының арқасында 1991 жылы Кеңес Одағы тарағанда жеке дара мемлекет болып Тәуелсіздік жариялауға мүмкіндік туыды!

«ТүркСОЙ» ұйымының Бас хатшысы С.Раев бастаған халықаралық ұйымдардың өкілдері, облыстар мен қалалардың делегациялары, елімізге танымал мәдениет, өнер, қоғам қайраткерлері қатысқан арнайы аста Ақтоғай ауданы әкімінің орынбасары А.Аманжолов сөз сөйлеп, Дәмеш апамыздың туған жерінің ыстық сәлемін жеткізіп, құттықтау хат пен ескерткіш сыйлықтар тапсырды.

Дәмеш апайдың тәрбиесін алған жанын туысы Б.Баламағамбетова Д.Ермекова-Жүргенова туралы естеліктерімен бөлісіп, Т.Жүргенов тойын өткізуге ерекше енебек сіңірген С.Анатас аксақалға, Сыр өңіріндегі іс-шаралардың жоғары деңгейіне өтуіне ықпал еткен Қызылорда облысының әкімі Н.Нәлібаевқа және игілікті іске қолдау жасаған Қарағанды облысының әкімі Е.Бөлекпаев пен Ақтоғай ауданының әкімі Р.Кенжебековке Дәмеш Ермекова-Жүргенованың туыстарының атынан алғыс білдірді.

Қарағанды облысы басшылығы халықаралық деңгейдегі мерейтойлық осы шараға делегация құрамында баруға ақсақалдарға, қоғам қайраткерлеріне, өлкетанушыларға, ғалымдарға, қаламгерлер мен Д.Ермекова-Жүргеновтың туыстарына сауып айтқанмен, көпшілігі жеке басының жағдайымен бара алмады. Өкінішті...

Қарағанды облысының мерейтойына қатысқан облыстардан делегация құрамында баруға ақсақалдарға, қоғам қайраткерлеріне, өлкетанушыларға, ғалымдарға, қаламгерлер мен Д.Ермекова-Жүргеновтың туыстарына сауып айтқанмен, көпшілігі жеке басының жағдайымен бара алмады. Өкінішті...

«Жыр арқауы – Жүргенов» атты республикалық жыр мүшәйрасының қорытынды кеші өтті.

Жазба ақындар мүшәйрасының бас жүлдесі қазылар алқасының шешімімен «Зергер һәм балдақ» атты өлеңі үшін Сыр бойының ақын қызы Мөңділік Айтбайға берілді.

Ақындардың Дәмеш апайдың рухына арнаған жыр жолдарын тыңдап отырғанымда оның мына естелігі ойыма түсті: «...Үйдегі анаммен өрен коштасып үлгердім. Құлымбетовтің, Садүкасовтың, Сырғабековтің әйелдері де қамалды. Түрмеді отырып үнсіз жылағанымызда, парлап аққан екі көздің жасы көл болды, 3-4 күндей берген тамағы тамағымыздан өтпеді, ұйқы көрмедік, тек жылаумен, қайғымен өткен күндер болды... Маусым айында оларға да үкім шығып, әрқайсысын 8 жылға бас бастандығынан айырып, Лагерьге бірнеше айдан соң, қыс түсе әкетті... Жолдағы вагонда Сәкен Сейфуллиннің ұлы Аян анасы Гүлбағрамның қолында көз жұмды... Кнзиева деген әйелмен екеуміз Гүлбағрамды бір күн қайрап, қолындағы сәбиді денесін өрен дегенде алып, түн ішінде вагонның бүйіріндегі тесіктен тымақ киген бір қазаққа: «Жер қойнына беріңізші» деп ұстаттық. «Бұл қай жер?» деп сұрап едік, «Саршаған деген станса», – деді әліп қазақ...»

Жаның түршігеді... еріксіз қажырлы, қайсар қазақ әйелінің құдіретіне бас несің!

Т.Жүргеновтің мерейтойында Сыр елі ұлт мақтаншытарының қайсар да қажарман жарларына құрмет көрсетуін айрықша үлгісіне көрсете білді. Осы игі бастаманы жақсы дәстүрге, мемлекеттік саясаттың бір бағытына айналыруымыз керек.

Касиетті Ораза айында келген қонақтарға арнап Темірбек Жүргенов атындағы қоғамдық қор мен Т.Жүргеновтің ағайындары мен туыстары өткізген «Ауызшар» рәсімі де қайраткерлер мен зерттеушілер, қаламгерлер ой бөліскен толғамады ойлар мен рухани қазынаға толы мағыналы мұсаһах болды.

Жақсының жақсылығын айтайық, нұры тасысын. Қызылордалық бауырларымыздың өзін байқаған бір ерекше касиетіне көпшіліктің назарын аударғандық келді. Ол – кішкене баласынан еңкейген кәрісіне дейін, тіпті мемлекеттік қызметкерлері де Т.Жүргенов пен Д.Ермекова-Жүргенова туралы ақпараттар мен ұлттық рухани қазыналарды бойына әбден сіңіріп өскендіктен пайда болған интеллектуалды патриотизм! Келген қонақтың жай күтушісі емес, басшылықтың тапсырмасын ғана орындаушы қызметкер де емес, келген мейманға елінің, жерінің тарихы мен тұлғаларын, рухани қазынасы мен жетістіктерін таныстырып, ауылының ықпалын жеткізген Сыр елінің ұлдары мен қыздарына Алланың нұры жаусын!

Ел мен жердің киесі, топырақтың касиеті, тектілік деген, міне, осы емес пе?! Шіркін осы касиетті барлық аймақтар да танытса ғой!..

Т.Жүргеновтің мерейтойын өткізу арқылы Түркі дүниесі мен әлемге атағы мен абыройын танытқан Сыр елінің дүбірлі тойынан аттанып бара жатып, Алаш қайраткері, еліміздің казіргі территориясын, шекарасын белгілеп, дәлелдеп, ата-бабамыздың ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған атакөнебісіміздің орнын сызып көрсетіп, мойындатқан Әлімхан Ермеков пен халқымыздың қайраткер қызы Дәмеш Ермекова-Жүргенованы ұлықтау шараларын туған жерлері Арқада өткізуді тезірек қолға алсақ бүгінгіміз үшін өкініш, ал келешектің алдында ұят болатыны есіме түсіп, қалтыр тәбірлің кеттім...

Қазақ еліне ой салған Сыр бойындағы игі шаралар жалғасын таба берсін! Барлық облыстарға жұғысты болып, ұлт қайраткерлерінің ұлығын ұрпақтарға ұлағат болсын!

Қуаныш МАҚСҰТОВ, ақын. Қарағанды қаласы

«Елді мекендердің көшелерін күтіп ұстау, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыстар түрлерінің сыныптамасын бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы №307 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

«Автомобиль жолдары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 1-1-тармағының 6-8) тармақшасына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Елді мекендердің көшелерін күтіп ұстау, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыстар түрлерінің сыныптамасын бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы №307 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №5368 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 31-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) жол жамылғылары бойынша:

жөтелдірілген қоспаларды қолданумен үстіңгі қабатты өңдеу;

жөтелдірілген төсемнің тозған жоғарғы қабаттарын қалпына келтіру және қолданыстағы жол жамылғысын бөлшектеу және қажетті жағдайда қабатты тегістейтін және үстіңгі қабатқа немесе жөнделетін учаскенің барлық үзіндығына тозу қабатына өңдеу жүргізу арқылы жеке және иірімді учаскелерде жол жамылғысын салу;

асфальтбетон қоспасының қажетті мөлшерін қосу арқылы шорлары, сораптары, жоталары және басқа да өзгерістері мен ақаулары бар жөтелдірілген төсемді қалпына келтіру;

асфальтбетон қоспасының қажетті мөлшерін қосу арқылы және жол жабындарының негізін салу үшін алынған материалдарды, кейіннен оның үстіне асфальтбетон қабатын немесе тозу қабатын төсеу арқылы шорлары, сораптары, жоталары және басқа да деформациялары мен ақаулары бар жөтелдірілген төсемді қайлау және қалпына келтіру;

жана материалдарды және жұмыс өндірісінің технологияларын қолдану арқылы тәжірибелік учаскелерді салу және оларға мониторинг жүргізу;

жиналмалы темір-бетон төсемдері бойынша:

тозған такталарды алмастыру, темір-бетон төсемдерінің жеке такталарын көтеру немесе тегістеу;

қорғау қабатын салу, үлкен ұзақтықтағы темір-бетон такталарының және цемент-бетон төсемдерінің жапсарларын жөндеу, жеке учаскелерде асфальт-бетон қабатын салу;

шағылтасты және киыршықтасты төсемдердің қапталдарын, сондай-ақ топырақты жолдарды материалдар қолдану арқылы қалпына келтіру;

киыршықтасты және топырақты жолдардың жүру бөлігін тұтқыр және шансыздандыратын материалдармен жақсарту;

вираждарды салу және қозғалыс үшін қауіпті кысықтарда көрінуді қамтамасыз ету;

жөнделетін учаскелердің жүру бөлігін белгілеу; цемент-бетон жабынның құрылысы немесе асфальтбетонды жабынның ұзындығы 500 метрден аспайтын негізгі құрылысы бар цемент-бетонды жабынға ауыстыру;

жолдың техникалық санының өзертпей, ұзақтығы 15 километрден аспайтын ұсақтасты және киыршықтасты жабында асфальт-бетон жабынға ауыстыру.»

2. «Қызылорда облысының жолдарын күтіп ұстау және автомобиль жолдары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасары Б. Сансызбайұлына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Н. Нәлібаев



www.facebook.com/syrboiy.kz/

https://twitter.com/syrboiy

www.instagram.com/syrboiy_kz

№71-72 (20544-20545) 13 мамыр, сенбі 2023 жыл

Назар



Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 2 наурыздағы №241 бұйрыққа 1-қосымша Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы №404 бұйрығына 2-қосымша Нысан

Бухгалтерлік баланс 2022 жыл есепті кезеңі

Ұсынылады: бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы электрондық форматта қаржылық есептілік депозитарийіне... Ұсынылады: бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы электрондық форматта қаржылық есептілік депозитарийіне...

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 2 наурыздағы №241 бұйрыққа 3-қосымша Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы №404 бұйрығына 4-қосымша Нысан

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп (тікелей әдіс) есепті кезеңі 2022 жыл

Ұсынылады: бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы электрондық форматта қаржылық есептілік депозитарийіне... Ұсынылады: бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы электрондық форматта қаржылық есептілік депозитарийіне...

Пайдалар мен залалдар туралы есеп 2022 жыл есепті кезеңі

Ұсынылады: бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы электрондық форматта қаржылық есептілік депозитарийіне... Ұсынылады: бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы электрондық форматта қаржылық есептілік депозитарийіне...

Table with columns: Корсеткіштерінің атауы, Жол коды, Есепті кезеңінің басында, Есепті кезеңінің аяғында, Есепті кезеңінің басында, Есепті кезеңінің аяғында. Includes sections for I. Қысқа мерзімді активтер, II. Ұзақ мерзімді активтер, III. Қысқа мерзімді міндеттемелер, IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер.

Table with columns: Корсеткіштерінің атауы, Жол коды, Есепті кезеңінің басында, Есепті кезеңінің аяғында, Есепті кезеңінің басында, Есепті кезеңінің аяғында. Includes sections for I. Операциялық қызметтен түсетін ақша қаражатының қозғалысы, II. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы, III. Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының қозғалысы.

Table with columns: Корсеткіштерінің атауы, Жол коды, Есепті кезеңі, Алдағы кезеңі. Includes sections for Тауарлар, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін түсім, Жалпы пайда (залал) (010-жол - 011-жол), Операциялық пайда жиынты (залал) (+/-) 012-жолдан 016-жолды қоса алғанда, Операциялық пайда жиынты (залал) (+/-) 020-жолдан 025-жолды қоса алғанда.

Басшы Карақозов Б. К. (тегі, аты-жөні (болған кезде)), Мөр орыны (болған кезде), Бас бухгалтер Абдибаева А. А. (тегі, аты-жөні (болған кезде)), Мөр орыны (болған кезде)

Басшы Карақозов Б. К. (тегі, аты-жөні (болған кезде)), Мөр орыны (болған кезде), Бас бухгалтер Абдибаева А. А. (тегі, аты-жөні (болған кезде)), Мөр орыны (болған кезде)

Басшы Карақозов Б. К. (тегі, аты-жөні (болған кезде)), Мөр орыны (болған кезде), Бас бухгалтер Абдибаева А. А. (тегі, аты-жөні (болған кезде)), Мөр орыны (болған кезде)

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 2 наурыздағы № 241 бұйрыққа 5-қосымша Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы №404 бұйрығына 6-қосымша Нысан

Капиталдағы өзгерістер туралы есеп 2022 жыл есепті кезеңі

Ұсынылады: бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы электрондық форматта қаржылық есептілік депозитарийіне... Ұсынылады: бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы электрондық форматта қаржылық есептілік депозитарийіне...

Ұсынылады: бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы электрондық форматта қаржылық есептілік депозитарийіне... Ұсынылады: бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы электрондық форматта қаржылық есептілік депозитарийіне...

Table with columns: Құраушылардың атауы, Жол коды, Міншік иелеріне тиесілі капитал (Жарғалық (акционерлік) капитал, Эмиссиялық кіріс, Сатып алынған меншік үлесі құралдары, Өзге жиынтық кіріс құраушылары, Бөлінбеген пайда, Өзге капитал), Баклан-байттын меншік иелерінің үлесі, Капитал жиыны. Includes sections for I. Құраушылардың атауы, II. Міншік иелеріне тиесілі капитал, III. Баклан-байттын меншік иелерінің үлесі, IV. Капитал жиыны.

Басшы Карақозов Б. К. (тегі, аты-жөні (болған кезде)), Мөр орыны (болған кезде), Бас бухгалтер Абдибаева А. А. (тегі, аты-жөні (болған кезде)), Мөр орыны (болған кезде)

